

Ата-аналарға арналған консультациялық пунктін жұмысын ұйымдастыру жолдары

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала-біздің болашағымыз. Олай болса мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты- баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

ҚР Конституциясында былай делінген: «Балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың құқығы әрі міндеті» (27 бап, 2-т). Отбасы баланың дамуын анықтайтын ең маңызды орта болып табылады. Балалардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, отбасылық тәрбиенің қателігінің алдын-алу және жол бермеу, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 28.01.2009 ж, №27 «Ата-аналарға арналған консультациялық пунктерінің қызметін ұйымдастырудың үлгі ережелерін бекіту туралы» бұйрығы негізге ала отырып, «Ақбота» бөбекжай жедел басқару құқығындағы МКҚК-да «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» 2013 жылдың мамыр айынан бастап ашылды. Ата-аналардың сұраныстарын толық қанағаттандыру мақсатында, балабақшада бала-бақшаға бармайтын балалар және олардың ата-аналарына тегін АҚП кеңес беретін жұмысты ұйымдастырдық. Ол үшін балабақшаға қараған территориялық 0 жастан 6 жасқа қараған балалардың тізімдерін жасадық. АҚП-ға ұйымдастырылмаған балалармен жұмыс жасайтын педагогтар мен жұмыс жоспары құрылды, міндеттер бөлініп берілді, бөбекжай әдіскер Дүймбаева Р. А. АҚП жұмысын жүргізу тапсырылды.

Балабақшада АҚП қызметін ұйымдастыру.

1. АҚП қызметі мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту стандартының аясында директор, тәрбиеші, психолог, медбике және басқа мамандар қызметкерлерінің негізінде ұйымдастырылады.
3. Ата-аналарға арналған кеңестер бір немесе бірнеше мамандар жүргізе алады.

4. Таңертеңгі және кешкі уақыттарда аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері
15-00-16-00 уақыт аралығында жүргізіледі, жұмыстың ұзақтылығы 25 минуттан кем болмауы.
5. АКП арналған бала тәрбиесіне қатысты жоспарланған тақырыптар тізбесі жасалған арнайы балабақшада АКП арналған бұрышта ілінді.
6. АКП шақырылатын ата-аналар тізімі жауапты мамандар алдын-ала белгіленіп, қандай тақырыпта кеңес берілетінін ата-ананың өтініші бойынша немесе жоспар бойынша алынған тақырыптар көлемінде жүреді.
АКП жұмысының ұйымдастырылуын кеңінен айтатын болсақ АКП жағдайында ата-аналармен жұмыс бірнеше кезеңдерден тұруы мүмкін:

Консультативтік пунктінің ұйымдастырылуы бөлімі

Балабақшаның әкімшілігі, педагогтары, педагог-психолог, медбике бірлесе отырып арнайы жұмыс жоспарын жасақтайды. Ата-аналармен және балалармен ақысыз келісім шартқа отырып, ата-аналармен балалардың медициналық денсаулығы туралы анықтамасы болуы керек. Ата-аналар өз еркімен өздерінің көкейтесті сұрақтарымен келе алады.

Консультация пунктінің ата-аналарға берер көмегі:

- сауықтыру;
- ағартушылық;
- кеңес

1. **Ұйымдастырушылық.** АКП-ға тілек білдірген ата-аналарды қамтиды.
2. **Үйретушілік.** Ата-анамен жүйелі жұмыс жасау.
3. **Қорытындылаушы.** Баламен психологиялық-педагогикалық жұмыс қорытындысын шығару.
1. **Сауалнама жүргізу** - бала мен отбасы туралы төмендегі бөлімдер бойынша деректер алуды қарастырады, бала туралы жалпы мәлімет, анамнестикалық деректер, отбасының баланың дамуына әсері, отбасының мамандармен ынтымақтастыққа дайындығы сипаттамасы.
2. **Лекциялық-ағартушылық жұмыс мынадан тұрады:**
 - тәрбиенің нақты жағдайларында баламен әрекеттестіктің әртүрлі формаларын қолдану бойынша ұсыныстар;
 - отбасы жағдайында психологиялық-педагогикалық жәрдем беру.
3. **Көрнекілік-ақпараттық жұмыс**- тақырыптық кітаптар көрмесі, ақпараттық стенділер, ата-аналармен жиналыс өткізу.
Үйретушілік кезең отбасыны психологиялық-педагогикалық қызметке рет-ретімен тартуды қарастырады.

Міндеттері- мектепке дейінгі балалар дамуының психикалық, дене және сөйлеу дамуы проблемалары жалпы білімін кеңейту, отбасында баламен жұмыс істеудің кейбір педагогикалық тәсілдеріне үйрету, мектепке даярлық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және отбасылық тәрбиесі барысында тіл дамытуға баулу.

Бұл кезеңдегі педагогтер қызметінің нәтижесінде- балалардың жан-жақты дене жағынан, жеке басының және зияткерлік дамуындағы бірлескен жұмыстағы ата-аналардың өз ролін дұрыс түсінуі, балаларда мектепке даярлығының қалыптасуы, сондай-ақ оларды мектепке дейінгі балалар дамуының бастапқы білімдерінің болуы қарастырылады.

АКП кеңес беру-ұсыныс жасау қызметі мамандарының басты қызметі- Тақырыптық кеңес беру, отбасы сағаты, жеке және топтық сұхбаттар, кеңестер берулер, ата-аналарды түрлі мамандар сабақтарына шақыру.

Лекциялық-ағартушылық қызмет- семинарлар, практикумдар мен тренингтер.

Көрнекілік-ақпараттық формасы- мектепке даярлық бұрышын, жылжымалы папкаларды безендеру.

Үйретуші кезеңіндегі АКП мамандары қызметінің нәтижесі – ата-ананың отбасында баламен қарым-қатынас жасау негіздерін меңгеруі, бала мінез-құлқындағы жеке бастық өзгерістерін саналы түрде бағалауға байланысты біліктерінің қалыптасқандығы.

Қорытынды кезең төмендегі міндеттерін шешеді:

- баланың отбасымен жұмыстың тиімді тәсілдерін анықтау;
- ата-аналардың үйрету барысында алған білімдерін балаларын дамыта оқыту және оларды мектептік маңызды дағдыларды қалыптастыруда пайдалануға дағдыларды;
- ата-аналардың мамандар ұсынған тапсырмаларды үй жағдайында орындауына бақылау жасауда әртүрлі формаларды қолдану.

Консультативтік пунктінің жұмысы

Ата-аналарға арналған консультативтік пункт ақысыз жұмыс істейді. Әр аптаның сейсенбі,бейсенбі күндері сағат 15:00-16:00 аралығында мамандарға консультациясына жазылу керек. Телефон:24-8-89

Консультативтік пунктте мына мамандар қабылдайды

Директор у.м.а –Р.К.Басжанова

Әдіскер- Р.А.Дуймбаева

Психолог-Тоғаева А.У

Бейнелеу өнерінің жетекшісі-С.Сактаганова

Дене шынықтыру нұсқаушысы-Ермекбаева А.Е

Қазақ тілі педагогы –А.Кунапиянова

Тәрбиеші-Тилегенова Ұ.Б

Тәрбиеші-Мұқашова А.К

Тәрбиеші-Борашова Г.Д
Тәрбиеші –Жиёмбаева
Мейірбике-Қалмұқан Б.А

Сөзімді қорыта келе,бөбекжайларда АҚП-ны ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға, отбасылық тәрбиеде қателіктердің орын алуына жол бермейді және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге жәрдемдеседі.

АҚП шараларына қатыса отырып, ата-аналар өздерінің шығармашылық әлеуетін көтереді, өз баласымен қарым-қатынас жасауды үйренеді, оның жеке басын, мүдделері мен талаптарын сыйлады, отбасылық қарым-қатынас қиыншылықтарын жеңе білуді, өзінің педагогикалық сауаттылығын арттырады.

Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты:

Ж.Аймауытов ағамыздың мына сөздерімен бастасам «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл мен қыздың дені сау, рухани бай,еңбекке, білімге құштар болып өсуі ең жоғарғы тілек,ең биік мақсат». Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы.Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата-ана тәрбиесінің орнын еш нәрсе алмастыра алмайды. Отбасы- өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын.

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек.Әрбір ұстаз ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата-ананың бөбекжайға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгереді.